

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 503 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 636-құжат; 1995 ж., N 19, 117-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 10, 101-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) 16-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының екінші абзацы "еңбек сіңірген" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге ие және талаптарға жауап беретін" деген сөздермен және "адамдардан" деген сөзден кейін "және олардың отбасы мүшелерінен" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2) 21-бап 4) тармақшадағы "тіркелмесе" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) егер адам басқа мемлекеттің азаматтығын алған болса".

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті